

Алимбаев Ержан Нурлановичтың 6D080500 – Су ресурстары және суды пайдалану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған

«Су ағыны толық реттелген жағдайдағы Сырдария өзенінің төменгі алабының сушаруашылық жүйесінің сумен қамтамасыздығын ұлғайту» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

СЫН ПІКІР

Қызылорда облысы сияқты Қазақстанның суы тапшы аймақтарында су ресурстарын басқару әрдайым күрделі мәселе болып табылады. Өзінің бірегейлігімен ерекшеленетін, оның ішінде су ресурстарының толық сарқылуы, су ағынына суармалы егіншіліктен түсетін ақаба суларды көп қайтара пайдалану Сырдария өзені бассейнінің жағдайында су ресурстарын тиімді басқару процесінде қиындық туғызады.

Сондықтан бүгінгі таңда су ресурстарын сауатты түрде жоспарлау және басқарудың ерекшелігі - олардың қолжетімдігі және экономикалық қажеттіліктер арасындағы сушаруашылық тепе-теңдікті қамтамасыз ету болып табылады. Ол үшін гидротехникалық құрылымдарының нақты ерекшеліктерін есепке алып су шаруашылық жүйесін сумен қамтамасыз етуді ұлғайту үлкен мәселеге айналуда.

Осы орайда ізденуші Е.Алимбаев диссертациялық жұмысындағы аса маңызды шешімдер Қызылорда өңірінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жағдайларын көтеруге ықпал ететіні сөзсіз.

Диссертация өзі жазу, ішкі бірлік, ғылыми жаңашылдық, дәйектілік, практикалық құндылық пен академиялық адалдық принциптері сақтала отырып орындалды. Яғни диссертация авторының ғылымға, техника мен технологиялардың дамуына қосқан жеке үлесі зор.

Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.

Диссертацияның ғылыми нәтижелері ел экономикасын дамытуға маңызды үлес қосатын ғылыми негізделген техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін қамтиды.

Сонымен қатар диссертацияда академиялық адалдық принципі, яғни автордың басқа авторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауын және диссертацияда авторы мен дереккөзі көрсетілмеген бөтен материалдың болмауын, сондай-ақ оның бөтен мәтінді мағынасын өзгертпей, ондағы сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік ауыстыра отырып (бұдан әрі - плагиат) пайдаланбауын білдіреді.

Диссертацияда жеке нәтижелерге сілтемелер көрсетілмеген, яғни өз материалын, нақты және цифрлық деректерді өзіне және (немесе) өз дәйексөздерінің көзіне пайдалану фактілері жоқ.

Диссертацияда бастапқы толық деректерді көрсете отырып, цитата алынған материалдардың немесе жекелеген нәтижелердің көздеріне; сондай-ақ дербес немесе өзге авторлармен бірлесіп алынған әзірлемелерге арналған

қорғау құжаттарына және дербес немесе өзге авторлармен бірлесіп орындалған диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жұмыстарға сілтемелер жасалған. Оған дәлел – антиплагиат көрсеткіші 86,8% құрайды.

Докторант Алимбаев Е.Н. қазіргі таңда Қызылорда облысындағы «Қазсушар» филиалында қызмет жасауда. Жұмыс барысында Қызылорда облысынан ағып өтетін Сырдария өзенінің су жинау алабының су ағынының толығымен реттелуіне байланысты, оның төменгі аймағындағы орналасқан табиғи-техногендік жағдайдағы қалыптасқан гидрологиялық және гидрохимиялық режимін жан-жақты зерттеу арқылы, су шаруашылық саласындағы геоэкологиялық шектеулерді ескере отырып, су ресурстарын тиімді пайдалану және экономика салаларын сумен қамтамасыз ету дәрежесін бағалау үлкен маңыздылыққа ие екенін байқадым.

Алимбаев Е.Н. докторантурада оқып жүргенде, сондай - ақ одан кейін диссертациясын жазу және рәсімдеу барысында өзін зерек, жұмысқа тиянақты қарайтын, сауатты ғылыми зерттеуші тұлғаға айналғаны көрінеді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері қарастырылып отырған өңірдің орнықты дамуын қамтамасыз етуге белгілі бір үлес қосады. Орындалған диссертациялық жұмыстың маңыздылығын, сондай-ақ докторант Алимбаев Е.Н. жеке қасиеттерін бағалай отырып, 6D080500 – Су ресурстары және суды пайдалану мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алуға ресми көпшілік қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесшісі, т.ғ.д.



Е.М. Калыбекова